



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

- Ашық сұрақтар қойыңыз және көтермелеңіз: сұрақтар қою және студенттердің жауаптарын ойластыру арқылы сіз сыни тұрғыдан ойлауды дамытасыз. Кез келген жағдайда оларға сізге және олардың сыныптастарына сұрақтар қоюға мүмкіндік беріңіз. Бұл сізге ізденімпаз оқушыларды ынталандыруға көмектеседі, олар өз кезегінде көзі ашық ересектерге айналуы мүмкін;

- Оқушыларға өз идеяларын дамытуға көмектесіңіз: біз олардан ешқандай қолдаусыз, бір күнде сыни ойлау дағдыларын дамытады деп күтпеуіміз керек. Тапсырмаларды орындап қана қоймай, сонымен қатар мақсаттарына қарай біртіндеп жылжуға көмектесетін техникалар/стратегиялар арқылы оларға тапсырмаларын орындауға көмектесіңіз (сіз оларға зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ойларын жүйелеуге немесе идеяларды перспективаға қоюға көмектесе аласыз). Сонымен қатар жұмысты жалғастыруға үлкен мотивация болатын жетістік сезімі пайда болуына ықпал етесіз;

- Оқушыларды жаңа тәсілдермен ойлауға ынталандырыңыз: шығармашылық - бұл жаңа тәсілдермен ойлау қабілеті және басқалар бұрын көрмеген бірлестіктер мен қарым-қатынастарды көру тәсілі болып табылады. Оқушылар бұл ынталандыру арқылы олар табиғи түрде жақсы ойшыл және шығармашылық адамдар болады;

- Түсіну мен сыйластықты көтермелеу: сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асырудың бір салдары интеллектуалдық эмпатияны дамыту болып табылады, ол өзін басқа біреудің орнына қойып, оның ойлары мен сезімдерін түсіну қабілеті болып табылады. Осылайша, студенттер әділетті, этикалық ойшыл болып қалыптасады. Бұл тұрғыда сыйластық ұғымы табиғи түрде дамытылуы мүмкін, бірақ ол кез келген оқыту ортасындағы сияқты әрқашанда тәрбиеленуі керек;

- Бұл тек ғылым мен фактілер туралы ғана емес: сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың интеллектуалды эмпатиясын ғана емес, сонымен қатар олардың өз білімдерін және әртүрлі идеяларды үнемі шешу қажеттілігін түсінуге көмектеседі және әне зерттеу мен дәлелдеу арқылы олар өз міндеттерін орындайды. тапсырмаларды адалдықпен орындайды.

Егерде біз сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын сабақта тиімді қолдансақ, онда оқушыларымыздың тереңінен ойланып, әр тапсырманың не үшін берілгенін түсініп, оның мәніне үңіліп, іздену және зерттеу жұмысын жан-жақты жүргізіп, соңында өз әрекеттерінен қандай нәтиже шыққанын түсініп, түсіндіріп, талдай алатын, оның өзіне не бергендігін, білімі, білігі мен дағдыларын қалай дамытқанын, қалай толықтырғанын бағалай алатындығын көретін боламыз.

Қорыта келе қазіргі мектептерде білім мазмұнын оның құрылымдық жүйесін жаңарту білім реформасының басты талабы болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің алдымызға қойған басты міндетіміз. Яғни, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін жетілдіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері», Қарағанды, - 2011. 25 б
2. Тара Делечче. 2018. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? – Анықтамасы, дағдылары және мағынасы: <https://study.com/academy/lesson/what-is-critical-thinking-definition-skills-meaning.html>. [6 сәуір 2018 ж.]
3. Ешанова Г. Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой- пікірлер// Қазақстан жоғары мектебі. -2006.-№1.96-99 б

ӘОЖ 373

### **ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯДА ЖАСТАРДЫҢ СИНОНИМДІК РЕҢКТІ ТАҢУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНА АЛУ МҮМКІНДІГІ**

**Жолдасова Улжан Маханбетовна,**  
ғылым магистрі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Н.Оңдасынов атындағы

Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты  
Түркістан қ., Қазақстан

#### **Аннотация**

Мақалада қазақ тілінің бай сөздік қорының жастар тілінен қолданыс табуы мен оны жүзеге асырудың жолдары ұсынылған. Қазақ тілінің болашағы жайлы айтылған ғалымдар пікірі жастар тілін құнарлы ету міндетіне келіп тіреледі. Сондықтан жастарға тіл байлығының негізгі қайнары саналатын синоним сөздер мен оның мағыналық реңін танып қолдануды үйрету - өзекті мәселе. Мақалада мектеп оқушыларының сөздік қор деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі берілген. Мақалада

«Sozdikqor.kz» порталының осы аттас электронды қосымшасы, синонимдер сөздігі негізінде арнайы дайындалған мобильді қосымша, электронды кітапша қызметі жастардың сөздік қорын молайтуға пайдалы құрал ретінде ұсынылған.

**Кілт сөздер:** Сөздік қор, жастар тілі, тілдік коммуникация, синоним, мағыналық реңк.

### Аннотация

В статье предлагается использование богатой лексики казахского языка в речи молодежи и пути реализации. Мнение ученых о будущем казахского языка основано на задаче обогащение речи молодежи. Поэтому важно научить молодежь использовать синонимы и их смысловые оттенки, являющиеся основным источником богатства языка. В статье приводятся результаты опроса, проведенные с целью определения уровня словарного запаса школьников. В качестве полезного инструмента для расширения словарного запаса. Молодежи представлены электронное приложение портала «Sozdikqor.kz», мобильное приложение, специально разработанное на основе словаря синонимов, сервиса электронных книг.

### Annotation

The article presents ways to use the rich vocabulary of the Kazakh language in the speech of youth and its implementation. The opinion of scientists about the future of the Kazakh language is based on the task of making the youth language more fertile. Therefore, it is important to teach young people to recognize and use synonymous words and their semantic tone, which are the main source of language wealth. The article presents the results of a survey conducted to determine the level of vocabulary of schoolchildren. The article provides information about measures to activate synonymous words in the youth language. «Sozdikqor.kz» the electronic application of the portal, with the same name, a specially developed mobile application on the basis of the dictionary of synonyms, an e-book service are presented as useful tools for increasing the vocabulary of young people.

**Keywords:** Vocabulary, youth language, verbal communication, synonym, semantic tone.

Ұлтын сүйетін азаматтың туған тіл тағдырына жанашырлығы - ұлттың әрбір мүшесіне өнеге боларлық іс. Профессор Қ.Сақтың «Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі» атты жинағына алаш зиялыларының ұлт тіліне қатысты мақалалары топтастырылған [1]. XX ғасыр басындағы баспасөзден қазақ тілінің болашағына қатысты алаңдаушылықтың күшті болғандығын аңғару қиын емес. Тіл мүддесі жолында жасалған еңбек орасан. Осы істің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Бұдан жүз жыл бұрын басталған тіл үшін күрес әлі күнге толастаған жоқ. Сол кезеңде көтерілген мәселелер осы күні де өзектілігінен айрылмағанын аңғарып отырмыз. А.Байтұрсынов қауіп еткен жағдай әлі күнге шешімін толық таба алмады. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [2, б.7]-дейді А.Байтұрсынұлы. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөз бүгінгі қазақ тілінің жағдайын ескеріп, оны сақтап қалу жолында жасалатын істің, жүргізілетін зерттеудің ұраны болуға тиіс деп есептейміз.

Ана тілінің ұшан-теңіз байлығын зерттеп, зерделей отырып халықтың дүниетанымын, болмыс-бітімін тануға болады. Ерте кезден-ақ отандық және шетелдік түркітанушы ғалымдар қазақтардың сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір-қасиетін жоғары қоятынын, қазақ тәрбиесі осы қасиеттерді ұрпағына сіңіруге бағытталатынын атап өткен. Қазақ тілінің синоним сөздерге аса бай екенін тілімізді зерттеушілердің барлығы айтып та, жазып та келді. Ана тіліміздің байлығы мен оралымдығы, көркемдігі мен бейнелігі, әуезділігі мен нәзік ырғағы, алымы мен тынысы кең тіл екендігі синоним сөздер арқылы бағаланды. Қазақ тілі айналып-толғану, еркелету мен ізет мағынасын білдіретін арнайы сөздерге, басқа тілдерге, соның ішінде туыс тілдерге қарағанда да әлдеқайда бай. Мұндай сөздерді пайдалануды түркітанушылар ұлттық мінез-құлықтың ең бір маңызды ерекшелігі деп таниды. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде «еркелету» мағынасындағы сөздің алпыстан астам синонимдік қатары берілген.

Тілдің табиғатын айқын сезініп, синонимдерді таңдап, талғап пайдаланып, сөйлем ішінде дұрыс қолданудың күнделікті қарым-қатынастағы маңызы айрықша. Лексиконы синонимге бай адам сөз мағыналарының нәзік реңктерін дөп басып, қолдану шеберлігінің арқасында шешен сөйлеп, ойын айқын да тартымды жеткізе біледі. Демек, синонимдерді тіл байлығының тірегіне жатқызғанда олардың кең қолданысқа түсіп, көңілдегі көрікті ойды мүлтіксіз жеткізудегі мәнді қызметін айтамыз. Сөйлеудегі (сондай-ақ жазудағы) дәлдікті қалай ұғуға болады? Әдетте сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның «дәл айтты, тауып айтты» деп, тапқыр кісіні қошаметтеп отыратын кездер болады.

Мағыналас сөздер бір-біріне қаншама жақын, мәндес болғанымен, олардың бойындағы рең, жұмсалы өрісіндегі айырма стильдік қолданысқа да тәуелді. Сөздерді бірінің орнына бірін талғаусыз жұмсай беруді сөздің стильдік қасиеті көтермейді. Тіл (лұғат) анықтығы туралы А.Байтұрсынұлы: «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегені сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды.

Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз» [2, 1506], – деп жазады.

Сөз байлығы оның санымен ғана өлшенбейтіндігі, оның лексикалық мүмкіндігінің молдығынан көрінетіндігі белгілі. Тілші ғалымдар қазақ лексикасының қай қабаты да тіліміздің мұқтаждығын өтей алатын дәрежеде екендігін айтады. Соңғы жылдарда жастар тілінің тым жұтаң тартып, олардың туған тілде өз ойын жеткізу қабілетінің әлсіреп бара жатқанын байқап жүрміз. Ойдың көркем, оралымды жеткізілуі жайлы әңгіме қозғаудың өзі қиын. Қоғамымыздың белсенді тобы саналатын жастар тілінің сөздік қорын арттыру және оны шешудің тиімді жолдарын қарастыру - аса өзекті шаруаның бірі.

Бұқаралық ақпарат көздерінің молаюы, әлеуметтік желі қызметінің кең қанат жаюы, соған сәйкес тілдің әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі әдеби тіл нормасының сақталуына ықпал етері сөзсіз. Десек те бұл бағыттағы үдеріс қазақ тіліне тек оң сипатта әсер етіп жатыр деп айту да қиын. Соған қарамастан әлеуметтік желі жазба тілдің тоқырап қалуына жол бермей, оның жаңа бір бағытта тыныс алуына мүмкіндік тудырды деп есептейміз. Мәдени, ғылыми, іскерлік, т.б. салалардағы ізденістер аясының кеңеюі, жаһандану үдерісіне сай талаптардың күшеюі адамның қарым-қатынас жасау шеберлігін жетілдіруді міндеттеп отыр. Коммуникант ретінде әрбір адамның ойын барынша анық, әсерлі жеткізе алуы, тілдесім және жазба мәдениеттің талаптарын игеруі аса маңызды шарттардың біріне айналды. Ақпараттық-коммуникативтік құралдармен жұмыс істеуде жастар үлесінің басқа аудиторияға қарағанда басымдығын біле тұра, бұқаралық ақпарат құралдары (әсіресе, телевидение тілі) тіліміз жүктеген міндетті толық, өз деңгейінде атқара алмай отырғаны жасырын емес. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі 1962, 1975, 2001, 2005, 2007 жылдары жарық көрді. Баспасөз, радио, теледидар хабарларының бәрі де қазақ тілі сөздіктеріне сүйеніп, сол еңбектерді басшылыққа алып отырса жөн болар еді деп ойлаймыз. Тілді оралымды ету үшін оның шексіз мүмкіншіліктерін пайдаланып, кәдеге жарата білсек, тіліміздің мәртебесіне жасалған игі қадам болар еді. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі синонимдердің реңктік айырмашылығын айқын сезініп, дұрыс қолдануға дағдыландыратын құрал ретінде маңызы зор. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінің авторы С.Бизақов: «Тілімізді анықтамалық сөздіктермен қамтамасыз ету тіліміздің әлемдік бәсекелестікке төтеп беруіне мол мүмкіндік береді» [3, 6346]-дейді. Р.Сыздықтың қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, сөздік қорды молайту жолдарын қарастыру, оны жүзеге асыру шараларына қатысты ойлары жете көңіл аударуды қажет етеді. Ғалым тіл тазалығы мен оның қолданыс мәдениетіне қатысты қырын қоғам талқысына салып, оны шешудің жолдарын ұзақ жылдар бойы іздеп келеді [4]. Қазақ тілінің қорындағы сөздерді орнымен қолданып, тілдің тазалығына, дәлдігіне, әсерлі шығуына қызмет ету тек ғалымдарға тиесілі міндет емес, ол әрбіріміз атқаратын жанашыр іске айналуы тиіс.

Жастардың қазақ тілін және оның бай сөздік қорын пайдалануын ұйымдастырудың жолдары аз емес. Мектеп оқушыларына синоним сөздердің мағыналық қатарын толықтыру, берілген сөйлем мазмұнына сай келетін синонимді дұрыс тану, сөйлемде қате қолданылған синонимді ажырату секілді тапсырмалары бар сауалнама таратылды. Сауалнамаға 9 және 10-сынып оқушылары қатысты. 9-сынып оқушыларының саны- 31, 10-сынып оқушыларының саны-25.

9-сынып оқушыларына арналған сауалнама қорытындысы төмендегідей:

«**Ем**» сөзінің толық синонимдік қатарын (*дауа, шипа, дәру*) жазған оқушылар саны – 2; 2 синоним жазғандар саны – 13; 1 синоним жазғандар саны – 14; синоним жазбағандар – 2.

«**Бәрекелді**» сөзінің синонимін (*бәлі, жарайсың*) жазған оқушылар саны – 17; 1 синоним жазғандар саны - 12; синонимді дұрыс таппағандар саны – 2.

«Тиісті сөзді таңдаңыз» тапсырмасында дұрыс жауап (*көне*) таңдағандар саны – 21, қате жауап (*ескі*) таңдағандар саны – 10.

10-сынып оқушыларына арналған сауалнама қорытындысы төмендегідей:

«**Ренжу**» сөзінің толық синонимдік қатарын (*кею, назалану, қапалану, қынжылу, налу, өкпелеу*) толық жазған оқушы жоқ. 2 синоним жазғандар саны – 8; 1 синоним жазғандар саны – 15; синоним жазбағандар – 2.

«**Шапшаң**» сөзінің толық синонимдік қатарын (*тез, жылдам, шұғыл, жедел*) толық жазған оқушылар жоқ. 2 синоним жазған оқушы саны – 13; 1 синонимнен жазғандар - 12.

«Тиісті сөзді таңдаңыз» тапсырмасында дұрыс жауап (*үн*) таңдағандар саны –18, қате жауап (*дауыс*) таңдағандар саны – 7.

«**Үнемі**» сөзінің синонимдік қатарын (*әрдайым, әрқашан, әркез, ылғи, ұдайы*) толық жазған оқушылар жоқ. 4 синоним жазғандар саны – 2; 3 синоним жазғандар саны – 4; 2 синоним жазғандар саны – 10; 1 синоним жазғандар саны – 9.

Сауалнама нәтижесін саралай келгенде оқушылар арасында сөздің синонимдік қатарын толықтыра алатын, синонимдер арасындағы нәзік байланысты ажырататын оқушылардың бар екендігін аңғарамыз. Алайда олардың саны тым аз. Синонимдік қатарды толықтыру тапсырмасын екі сынып оқушылары да орта деңгейде, кей тұста ортадан төмен деңгейде орындаған. Сондай-ақ сынып жоғарылаған сайын оқушылардың синонимді тану деңгейі көтерілгені байқалады. Біраз оқушыда синонимдік қордың тым аз екендігі аңғарылды.

Синоним сөздердің мағыналық реңін ажырата алу деңгейіне жету әп сәтте жүзеге асатын іс емес. Осы бағытта синоним сөздің мағынасын ажыратып, берілген мысалдар арқылы оның реңін

тануға септігі тиер деген ниетпен электронды кітапша дайындадық. Біз кейде арнайы дайындалған жобалардың қызметін тиімді пайдалана алмай жатамыз. Сондай жобаның бірі-»Sozdikqor.kz» порталы. Мектеп оқушылары, студенттер үшін де, жалпы көпшілікке аса пайдалы «Sozdikqor.kz» электронды қосымшасы бар екендігін ескерткіміз келеді. Бұл-энциклопедиялар мен салалық сөздіктердегі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, жаңа технологиялық сөздердің мағынасын білуге, тануға мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің түбір тұлғасын, омоним, антоним, синонимдердің фразеологиялық тіркес пен сөйлем ішінде кездесуін көруге болады. Бұл қосымша әр түрлі ізденіс жұмыстарын орындауға өте қолайлы. Қолданушы өзіне беймәлім сөздің сөйлем ішіндегі қолданысын, оның мағыналас, дыбыстас, қарсы мәндегі лексикалық тұлғаларының толық нұсқасымен танысуға мүмкіндік алады. Портал базасында 215 660 сөз қамтылған. Алдағы уақытта базадағы сөздер саны мұнан да арта түсетініне сеніміміз мол.

2007 жылы жарық көрген С.Бизақовтың «Синонимдер сөздігі» негізінде оқушылар мен жалпы көпшілікке арналған сөздіктің ықшамдалған, тұрмыста қолданылу жиілігіне орай жинақталған синонимдерінің мобильді қосымшасын дайындадық. Көмекші құралдың тиімділігі - оны кез келген уақытта пайдалана алуда. Ұсынылып отырған жоба көпшіліктің игілігіне жарайды деп сенеміз.

Қазақ тілінің болашағы – жастар қолында. Тілге, оның болашағына арналған кез келген игі шара жастар тарапынан қолдау тауып отырса, тіліміздің туы жығылмасы анық. Мерзімді басылым, әлеуметтік желідегі мәтіндердің сапалы болуы, телевидение мен радио тілінің тазалығы мен сөздік қорды орнымен қолдану дегейінің жоғары болуы қазақ тілінде сөйлейтін аудиторияның тілге деген құрметін арттырады сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. Т. 2. – 400б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). –Алматы: Алаш, 2005.-352б.
3. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007. -640б.
4. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – Алматы: Ел-шежіре, 2014.-292б.

УДК 373

### СПОСОБЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ

**Заремба Ирина Андреевна,**

педагог-модератор, учитель начальных классов

**Ярош Наталья Анатольевна,**

педагог-исследователь, учитель начальных классов

КГУ «Владимировская общеобразовательная школа»

Костанайский район, Казахстан

#### Аннотация

Бұл мақалада педагогтардың кәсіби дамуындағы инновациялық технологиялар туралы мәселе қарастырылады. Мұғалімдер сабақта қолданатын заманауи педагогикалық және инновациялық технологиялардың барлық түрлері ұсынылған. Инновациялық қызмет моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырылуы керек. Педагогикалық іс-әрекетте нәтижелер ғана емес, сонымен қатар оларға қол жеткізу әдістері, құралдары, әдістері де маңызды.

**Түйінді сөздер:** инновация, білім, оқушы, мұғалім, сабақ, мектеп.

#### Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос о инновационных технологиях в профессиональном развитии педагогов. Представлены все формы современных педагогических и инновационных технологий, которыми пользуются педагоги на уроках. Инновационная деятельность должна морально и материально стимулироваться. В педагогической деятельности важны не только результаты, но и способы, средства, методы их достижения.

**Ключевые слова:** инновация, образование, ученик, учитель, урок, школа.

#### Abstract

This article discusses the issue of innovative technologies in the professional development of teachers. All forms of modern pedagogical and innovative technologies used by teachers in the classroom are presented. Innovative activity should be morally and financially stimulated. In pedagogical activity, not only the results are important, but also the ways, means, and methods of achieving them.